

Көшелерге атау беру және қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Қожакент ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 85 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 сәуірде № 8277 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №3 қорытындысына сәйкес Қожакент ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қожакент ауылдық округінің Қожакент ауылының келесі көшелеріне:

- 1) атауы жоқ көшеге - "Досқожа Айтжанов" есімі;
- 2) атауы жоқ көшеге - "Есқожа Ысқақов" есімі;
- 3) атауы жоқ көшеге - "Сайд Бегманов" есімі.

2. Қожакент ауылдық округінің Қожакент ауылының "Беларық" көшесі "Оразбек Қашқынов" есімімен қайта аталсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі

Ә. Айтжанов